**Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 483 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 8 қыркүйекте № 15633 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 1-тармағының 41-23) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттау және оның ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне куәлік беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 193 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11723 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған);

2) "Аса жеңіл авиация саласында сертификаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 194 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11721 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Инвестициялар мен даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы

көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Инвестициялар және даму министрі* *Ж. Қасымбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д. Абаев _________________________
2017 жылғы 27 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Т. Сүлейменов ___________
2017 жылғы 28 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және
даму министрінің
2017 жылғы 19 шілдедегі
№ 483 бұйрығымен
бекітілген

## Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 08.01.2025 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабы 1-тармағының 41-23) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеңіл және аса жеңіл авиация саласындағы сертификаттау және "Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру", "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркелген және жалпы мақсаттағы авиация (коммерциялық әуе тасымалдарына қатыспайтын) мақсатында авиациялық жұмыстар мен ұшуларды орындайтын жеңіл және аса жеңіл авиацияның азаматтық әуе кемелеріне және жеңіл және ең жоғары ұшу салмағы 2250 кг аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде мемлекеттік тіркелуге жататын аса жеңіл авиацияның азаматтық әуе кемесінің даналарына (ұшақтар, тікұшақтар, моторы бар планерлер, аэростатикалық әуе кемелері) қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

2) азаматтық әуе кемесінің данасы – бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ (үлгі сертификаты немесе оған баламалы құжаты жоқ), сериялық өндіріске арналмаған, сертификатталған және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі куәлігі бар әуе кемесі;

3) азаматтық әуе кемесі данасының ұшу сипаттамаларын бағалау және ұшу сынақтарын жүргізу жөніндегі персонал – әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін, ұшу сипаттамаларын бағалауды және азаматтық әуе кемесі данасының ұшу сынақтарын жүргізуді орындайтын коммерциялық емес ұйымның мамандары;

4) азаматтық әуе кемелерінің пайдалануға жарамдылығын бағалау актісі (бұдан әрі – бағалау актісі) – жеңіл және аса жеңіл авиацияның азаматтық әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері бойынша коммерциялық емес ұйым беретін құжат;

5) аса жеңіл авиация – ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 750 (жеті жүз елу) килограммнан кем әуе кемелерін, басқа да әуе кемелерін және қосалқы құрылғыларды пайдаланатын азаматтық авиация;

6) конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігіне куәлік – азаматтық әуе кемесінің данасы конструкциясының сипаттамалары мен пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігін куәландыратын, уәкілетті ұйым берген құжат;

7) жеңіл авиация – ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 5700 (бес мың жеті жүз) килограмнан кем әуе кемелерін, оның ішінде ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 3175 (үш мың жүз сексен) килограмнан кем тікұшақтарды пайдаланатын азаматтық авиация;

8) пайдалану құжаттамасы – жеңіл немесе аса жеңіл әуе кемесін немесе оларға техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді қоса алғанда, азаматтық әуе кемесінің данасын ұшу және техникалық пайдалануды регламенттейтін, сондай-ақ пайдалану шарттары мен пайдалану шектеулерін қамтитын құжаттама;

9) пайдалану – техникалық құжаттама – нақты әуе кемелерді және оның компоненттерін техникалық қызмет көрсетуі және жөндеуді сонымен бірге пайдалану жағдайы және пайдалану шегін қоса алғанда, азаматтық әуе кемесі данасын ұшу және техникалық пайдалану регламенттеу құжаттар топтамасы;

10) өтініш беруші – жеңіл авиациядағы ұшуға жарамдылығы сертификатын, аса жеңіл авиациядағы ұшуға жарамдылығы сертификатын, экспорттық ұшуға жарамдылығы сертификатын алу, әуе кемесі данасының куәландыру үшін уәкілетті ұйымға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

11) әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау – әуе кемесінің пайдалану-техникалық құжаттамасын, ұшуға жарамдылықты ұстап тұру жөніндегі есептік деректерді, әуе кемесін қарап тексеру және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бақылауымен әуе кемесіне ұшу сынақтарын қажет болған кезде жүргізу;

12) ұшу жарамдылығын бағалау жөніндегі персонал – жеңіл және аса жеңіл авиацияның азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығын бағалауды орындайтын, әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымның мамандары;

13) ұшу жарамдылығын қолдау – әуе кемесін пайдалану мерзімі ішінде әуе кемесінің Қазақстан Республикасы Азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы

нормаларының қолданыстағы талаптарына (бұдан әрі – ұшу жарамдылығы нормалары) сәйкестігін қамтамасыз ететін процестер жиынтығы.

4. Жеңіл және аса жеңіл авиацияның әуе кемесін жеңіл және аса жеңіл авиацияның қолданыстағы ұшу жарамдылығы сертификатынсыз пайдалануға жол берілмейді. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының жарамдылығы оның қосымшасы және ажырамас бөлігі болып табылатын қолданыстағы бағалау актісінің болуымен расталады.

5. Бекітілген үлгілік конструкциясы жоқ азаматтық әуе кемесінің әрбір данасы сертификатталуы және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген оның конструкциясының, сипаттамаларының және пайдалану-техникалық құжаттамасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігі (бұдан әрі – сәйкестік куәлігі) болуы тиіс.

Сәйкестік куәлігі берілген әуе кемесі коммерциялық әуе тасымалдарын жүзеге асыруға жіберілмейді.

6. Жалпы мақсаттағы авиация мақсатында авиациялық жұмыстар мен ұшуларды орындайтын жеңіл және аса жеңіл әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығын, азаматтық әуе кемесінің куәлігінің данасын сертификаттауды әуе кемелерін пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымдарды (бұдан әрі – коммерциялық емес ұйым) тарта отырып, уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

Азаматтық әуе кемесінің және оның компоненттерінің ұшуға жарамдылығын қолдау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 551 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11573 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерін техникалық пайдалану және жөндеу қағидаларының талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

## 2-тарау. Қазақстан Республикасының жеңіл және аса жеңіл авиациясы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын сертификаттау тәртібі

### 1-параграф. Сертификаттау және жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын алу үшін өтініш беруші уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім және осы Қағидаларға 2-қосымшада көзделген "Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" мемлекеттік

қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – талаптардың тізбесі) 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жібереді.

Құжаттар топтамасымен ұсынылатын жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің техникалық жай – күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау актісі (бұдан әрі – тексеру актісі) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Портал арқылы жүгінгенде өтініш берушіге "жеке кабинетке" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету үшін өтінімнің қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінгенде, мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, пайдаланушының сертификаты, азаматтық әуе кемесі үлгісіндегі сертификат, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік, ұшуларды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтерді уәкілетті ұйым "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбағанда уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде заң талаптары мен Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымша Әуе кемелерін пайдалану, Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 8-қосымша Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы, сәйкестігін тексергеннен кейін, құжаттар тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.

8. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын қарау және беру мерзімі уәкілетті ұйымға өтінім берілген күннен бастап 22 (жиырма екі ) жұмыс күнін құрайды.

Ұсынылған құжаттарға қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болғанда қарау мерзімі 22 (жиырма екі) жұмыс күніне ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің "жеке кабинетіне " порталға хабарлама жіберіледі.

Бұрын қағаз нысанда берілген жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын электрондық форматқа ауыстыру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

9. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау үшін тартылған коммерциялық емес ұйымдар уәкілетті ұйымның келісімі бойынша әуе кемелерін тексеру жөніндегі техникалық комиссияны (бұдан әрі – техникалық комиссия) құрады.

Техникалық комиссияның құрамына осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келетін ұшу жарамдылығын бағалау жөніндегі персонал енгізіледі.

Коммерциялық емес ұйым техникалық комиссияның құрамын бекітеді және жыл сайын уәкілетті ұйыммен келіседі.

Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығын бағалау осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалады.

10. Өтінім беруші әуе кемелерінің пайдаланушыларды біріктіретін коммерциялық емес ұйымның техникалық комиссиясының мүшелеріне әуе кемесі мен пайдалану құжаттамасына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

11. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын бағалау нәтижелері бойынша техникалық комиссия осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығын бағалау актісін (бұдан әрі – бағалау актісі) жасайды.

Бір данасы өтініш берушіге беріледі, екінші данасы коммерциялық емес ұйымда қалады. Бағалау актісінің және ұшу жарамдылығын бағалау жөніндегі құжаттардың ( нұсқау материалын (әуе кемесінің ұшу жарамдылығын бағалау бағдарламасы), анықталған сәйкессіздіктерді және оларды растайтын құжаттамамен жоюды) электрондық көшірмелерін коммерциялық емес ұйым бағалау актісі жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға жібереді.

Коммерциялық емес ұйымның техникалық комиссиясы берген бағалау актісі он екі айға жарамды.

12. Уәкілетті ұйым техникалық комиссия берген бағалау актісінің оң қорытындысы және ұшу жарамдылығын бағалау бойынша ұсынылған құжаттарды тексеру (нұсқау материалы (әуе кемесінің ұшу жарамдылығын бағалау бағдарламасы), анықталған сәйкессіздіктер және оларды растайтын құжаттамамен жою) негізінде өтініш берушіге жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімсіз негізде 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді.

13. Мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде және бағалау актісі теріс болған жағдайда уәкілетті ұйым жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беруде мемлекеттік қызметтер

көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді жауапты ресімдейді және өтініш берушіні бас тарту туралы алдын ала шешім туралы сондай-ақ, өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні мен орны (тәсілі) хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі немесе Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ( бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жіберіледі.

14. Мерзімсіз негізде берілген, жалпы мақсаттағы авиация мақсатында авиациялық жұмыстар мен ұшуларды орындайтын жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты коммерциялық емес ұйым беретін жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы қолданыстағы бағалау актісі болған кезде жарамды.

Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификаты мынадай шарттар сақталған кезде жарамды болып қалады:

1) әуе кемесінің жеңіл және аса жеңіл авиацияның әуе кемесін пайдалануға жарамдылығы туралы қолданыстағы бағалау актісінің болуы;

2) әуе кемесінің азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы қолданыстағы куәлігі болуы;

3) әуе кемесі әуе кемесін әзірлеушінің мемлекеті бекіткен үлгідегі конструкцияға/ азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігін куәландыруға сәйкес келуі;

4) модификацияны немесе жөндеуді орындау азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттау талаптарына сәйкес келуі;

5) әуе кемесі ұшуға жарамдылық жағдайында ұсталуы.

15. Уәкілетті ұйым "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) (бұдан әрі – Деректерді АЖ-ға енгізу қағидалары) бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу қағидаларына сәйкес

мемлекеттік қызметтер көрсету сатысы туралы "Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатын беру" мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторына, көрсетілетін қызметті берушіге және Бірыңғай байланыс орталығына мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап береді.

**2-параграф. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының қолданылуын тоқтата тұру және кері қайтарып алу**

16. Уәкілетті ұйым "Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12038 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкессіздігі анықталған кезде жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатының қолданылуын тоқтатады.

17. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатқанда уәкілетті ұйым ұшуға жарамдылық сертификатының қолданысын тоқтатудың себебін көрсетеді.

Әуе кемесінің ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкес келмеуі анықталғанда тоқтатылған күннен алты ай ішінде жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылық сертификаты кері шақыртылады.

Уәкілетті ұйым сертификатты кері қайтарып алу туралы шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде пайдаланушыны хабардар етеді.

18. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесі тоқтатыла тұрған кезде оның ұшуға жарамдылығы сертификатының қолданылуын қайта бастауды пайдаланушы анықталған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

19. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының қолданылуын тоқтата тұру немесе оны кері қайтарып алу кезінде уәкілетті ұйым пайдаланушыға және әуе қозғалысына қызмет көрсету органына қабылданған шешім туралы дереу хабарлайды.

20. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын кері қайтарып алған кезде пайдаланушы кері қайтарып алу туралы хабарлама жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, егер ұшу жарамдылығы сертификаты бұрын қағаз нысанда берілген болса, жеңіл және аса жеңіл авиация әуе

кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының түпнұсқасын уәкілетті ұйымға қайтарады.

## 3-тарау. Қазақстан Республикасының жеңіл және аса жеңіл авиациясы әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын ұзарту тәртібі

21. Бағалау актісінің қолданылу мерзімі өткеннен кейін жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификаты жарамсыз деп есептеледі. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатының қолданылуын ұзарту үшін жаңа бағалау актісін бере отырып, жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшуға жарамдылығын кезекті бағалау жүргізіледі.

Жыл сайынғы ұшу жарамдылығын бағалау (жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатының қолданылуын ұзарту) қолданыстағы бағалау актісінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады, жаңа бағалау актісінің қолданылу мерзімі қолданыстағы бағалау актісі аяқталған күннен бастап есептеледі. Пайдаланушы мынадай құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық емес ұйымға өтінім береді:

1) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру актісінің электрондық көшірмесі, құжатты ресімдеу күні өтінімді коммерциялық емес ұйымға тіркеу күніне дейін 22 жұмыс күнінен аспауы тиіс;

2) шектеулі ресурстары бар агрегаттардың мәртебелерінің электрондық көшірмесі, ұшу жарамдылығы директиваларының мәртебелері, әзірлеуші ұйымның бюллетеньдерінің мәртебелері, орындалған модификациялар, техникалық қызмет көрсету бағдарламасында қамтылған техникалық қызмет көрсету жұмыстарының орындалу мәртебелері, құжатты ресімдеу күні өтінімді коммерциялық емес ұйымға тіркеу күніне дейін 22 жұмыс күнінен аспауы тиіс;

Жаңа бағалау актісінің электрондық көшірмесі коммерциялық емес ұйыммен жаңа бағалау актісін пайдаланушыға берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға жіберіледі.

22. Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің пайдаланушысы кезекті (жыл сайынғы) ұшу жарамдылығын бағалауды орындамаған және алдыңғы бағалау актісінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін он екі (12) ай ішінде коммерциялық емес ұйымнан жаңа бағалау актісін алмаған жағдайда, уәкілетті ұйым жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын тоқтатады.

Жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің пайдаланушысы кезекті (жыл сайынғы) ұшу жарамдылығын бағалауды орындамаған және жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификаты тоқтатылғаннан кейін алты (6) ай ішінде

коммерциялық емес ұйымнан жаңа бағалау актісін алмаған жағдайда, уәкілетті ұйым жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу жарамдылығы сертификатын кері қайтарып алады.

## 4-тарау. Азаматтық әуе кемесі данасының сертификаттау тәртібі

### 1-параграф. Азаматтық әуе кемесі данасының сертификаттау

23. Өндіріс процесінде әзірлеуші/дайындаушы жұмыс конструкторлық құжаттама жиынтықтарын сақтауды ұйымдастырады және өндірісті авторлық бақылауды, материалдардың қасиеттерінің тұрақтылығын, технологиялық процестерді, азаматтық әуе кемесінің жасалатын данасы үшін бөлшектер мен тораптардың сипаттамаларының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

24. Азаматтық әуе кемесінің данасын өндірістік сынау басталғанға дейін әзірлеуші/дайындаушы формулярды, осы дананың жұмыс конструкторлық құжаттамаға сәйкестігіне паспортты ресімдейді. Азаматтық әуе кемесі данасының техникалық сынақтары көрсетілген құжаттар болған кезде ғана басталады.

25. Азаматтық әуе кемесінің данасын өндірістік сынау әуе кемесінің, оның компоненттері мен жүйелерінің қозғалтқышы мен әуе винтінің данасының сынақтар жүргізуге дайындығы бойынша жүргізіледі.

26. Әзірлеуші/дайындаушы метрологиялық қамтамасыз ету туралы есепті, техникалық құжаттаманы ресімдейді және әуе кемесі данасының өндірістік сынақтар жүргізуге дайындығын қамтамасыз етеді.

27. Өндірістік сынақтар мынадай мақсаттарда жүргізіледі:

1) Азаматтық әуе кемесі данасының конструкциясын, оның сипаттамаларын және пайдалану құжаттамасын пайдаланудың күтілетін жағдайларында ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне дейін жеткізу;

2) ұшуға жарамдылығына әсер ететін әуе кемесі данасының аса жауапты функционалдық жүйелерінің конструкциясын белгілеу;

3) Техникалық сынақтар жүргізу үшін азаматтық әуе кемесінің данасын ұсыну мүмкіндігін белгілеу.

28. Зертханалық, стендтік, жердегі, ұшу және арнайы сынақтарды қоса алғанда, өндірістік сынақтар бағдарламасын әзірлеуші/дайындаушы әзірлейді және бекітеді.

29. Азаматтық әуе кемесінің данасын техникалық сынау әзірлеуші/дайындаушы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізіледі. Техникалық сынақтардың нәтижелері бойынша әзірлеуші/дайындаушы еркін нысанда қорытынды дайындайды.

Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу сынақтарын әзірлеуші/дайындаушы әзірлеген және бекіткен кестеге сәйкес әзірлеуші әртүрлі климаттық (физикалық) жағдайларда жүргізеді.

30. Пайдаланушы азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлікті ұстаушымен осы өзгерістердің келісімі бойынша ғана конструкцияға және пайдалану құжаттамасына өзгерістер енгізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

31-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлікті алу үшін өтініш беруші (әзірлеуші/дайындаушы) уәкілетті ұйымға портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасын сертификаттауға өтінімді және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес " Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жібереді.

32. Мемлекеттік қызмет көрсету талаптарының тізбесі "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде келтірілген.

33. Портал арқылы жүгінгенде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

34. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінгенде, мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

35. Өтінімді қарау мерзімі және азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылығы нормаларына сәйкестігі куәлігін беру 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

Ұсынылған құжаттарды қосымша зерделеу немесе тексеру қажет болғанда қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне " хабарлама жіберіледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

36-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Уәкілетті ұйым құжаттарды келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы, авиациялық жұмыстарды орындау құқығына куәлік туралы мәліметтер, азаматтық әуе кемесі

данасының ҰЖН-ға сәйкестігін куәландыру үшін алымның бюджетке төленгенін растауды уәкілетті ұйым тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

37. Өтініш беруші "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және ( немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбағанда уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді қабылдаудан бас тартады.

Өтініш беруші "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынғанда уәкілетті ұйым тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде заң талаптары мен Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттарына Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 6-қосымша Әуе кемелерін пайдалану, Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенцияға 8-қосымша Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы, сәйкестігін тексергеннен кейін, құжаттар тартылған коммерциялық емес ұйымдарға береді.

38. Азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін тексеру және ұшуға жарамдылығын айқындау үшін тартылған коммерциялық емес ұйымдар уәкілетті ұйымның келісімі бойынша әуе кемелерін тексеру жөніндегі техникалық комиссияны құрады.

Әуе кемелерін тексеру жөніндегі техникалық комиссияның құрамына осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген мамандарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін жеңіл және аса жеңіл авиация әуе кемесінің ұшу сипаттамаларын бағалау және ұшу сынақтарын жүргізу жөніндегі персонал енгізіледі.

Коммерциялық емес ұйымдар жыл сайынғы негізде техникалық комиссияның құрамын бекітеді және уәкілетті ұйыммен келіседі. Уәкілетті ұйым ұшу жарамдылығын бағалау жөніндегі персонал осы Қағидаларға 4-қосымшада көзделген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде техникалық комиссияның құрамын келіседі.

39. Сертификаттық тексеру жүргізу кезінде техникалық комиссия тексереді:

1) Азаматтық әуе кемесінің, қозғалтқыштың және әуе винтінің данасының конструкциясы;

2) жабдықтар, орнату тораптары;

3) ұшу-техникалық сипаттамасы;

4) ұшу сынақтарының құжаттамасы;

5) пайдалану шектеулері;

6) бұйым мен жабдықтың сызбалары мен конфигурациясының ерекшеліктері.

Техникалық комиссия сертификаттық зерттеп-қарауды Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасын, Халықаралық

Азаматтық авиация туралы конвенцияға 8-қосымша Әуе кемелерінің ұшуға жарамдылығы Халықаралық Азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасын біркелкі қолдану мақсатында уәкілетті ұйым әзірлеген нұсқаулықты материалды (АӘК данасын техникалық зерттеп-қарау бағдарламасы, АӘК ұшу сараптамасының бағдарламасы, азаматтық әуе кемесі данасының ұшу сараптамасының хаттамасы) пайдалана отырып жүргізеді.

Сертификаттық тексеру аяқталғаннан кейін коммерциялық емес ұйым азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру мүмкін (мүмкін емес) туралы қорытындыларды, ұсынымдарды, және мүмкіндіктер туралы қорытындыны, әуе кемесі данасының нақты жай-күйін, көрсете отырып, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтық әуе кемесі данасының техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын айқындау актісін, осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер картасын екі данасын жасайды, оның біреуі өтініш берушіге (дайындаушыға/әзірлеушіге) жіберіледі.

40. Азаматтық әуе кемесінің техникалық жай-күйін бағалау және ұшуға жарамдылығын айқындау актісінің оң қорытындысы негізінде уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша деректер картасын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестік куәлігін ресімдейді, немесе техникалық жай-күйді бағалау актісі теріс қорытындыланған және ұшуға жарамдылығы анықталғанда азаматтық әуе кемесі данасы "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшу жарамдылығы нормаларына сәйкестігі туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес дәлелді жауапты ресімдейді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті ұйым өтініш берушіге мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама ҚР ӘРПК-нің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту қалыптастырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі уәкілетті ұйымның уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында өтініш берушінің "жеке кабинетіне" порталға жіберіледі.

41. Азаматтық әуе кемесі данасының конструкциясына, оның құрауыштарына немесе пайдалану құжаттамасына өзгерістерді жүзеге асырған азаматтық әуе кемесі

данасының сәйкестік куәлігінің ұстаушысы бір ай мерзімнің ішінде уәкілетті ұйымды осы өзгерістер туралы хабардар етеді және азаматтық әуе кемесі данасының қайта сертификаттауға ұсынады.

42. Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 наурыздағы № 177 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32120 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы саласындағы төлемдерді алу қағидаларымен айқындалған тәртіппен төлем алынады.

Төлемақы мөлшері Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 167 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 32089 болып тіркелді) бекітілген Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның ақылы қызметтерінің тізбесіне және азаматтық авиация саласындағы төлем мөлшерлемелерімен айқындалады.

Азаматтық әуе кемесінің данасын сертификаттау азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның бюджетіне төлем түскеннен кейін жүзеге асырылады.

**2-параграф. Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру**

43. Ұшуға жарамдылық стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым азаматтық әуе кемесінің сәйкестік куәлігінің қолданылуын тоқтата тұрады.

44. Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым азаматтық әуе кемесінің осы данасын пайдаланатын әзірлеуші мен пайдаланушыны, сондай-ақ аэронавигациялық ақпарат берушіні қабылданған шешім туралы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

45. Азаматтық әуе кемесі данасының сәйкестік куәлігінің қолданылуын қайта бастауды әзірлеуші/дайындаушы әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларының талаптарына сәйкестігін растайтын өндірістік, техникалық және ұшу сынақтарын жүргізгеннен кейін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым жүзеге асырады.

46. Уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігі куәлігін беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді Деректерді АЖ-ға енгізу қағидасына сәйкес қамтамасыз етеді.

**5-тарау. "Жеңіл және аса жеңіл әуе кемесінің ұшуға жарамдылығы сертификатын беру" және "Азаматтық әуе кемесі данасының ұшуға жарамдылық нормаларына сәйкестігіне**

**куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша уәкілетті ұйымның және ( немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

47. Уәкілетті ұйымның әкімшілік актіні әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен қабылдауға байланысты әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

47-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өтініш берушінің шағымы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

уәкілетті ұйымның – оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауына жатады.

Шағым уәкілетті ұйымға және (немесе) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды тұлғаға беріледі.

Уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, егер 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылданса, уәкілетті ұйым, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган, лауазымды адам, шешімге, әрекетке ( әрекетсіздікке) шағым жасайды, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

48-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 11.06.2026 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. Уәкілетті ұйымның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

